Сәндік-қолданбалы өнер ұғымының терминологиялық сөздіктердегі сипаттамалары былай көрсетілген: 1) халықтық өнер еңбекшіл халықтың көркем шығармашылық қызметін білдіреді; 2) сәндік-қолданбалы өнер - өзіндік ерекше ой түйіні. Мұнда өнер туындысының сапалық ерекшелігі, композициялық құрылымы мен колориттік шешімі, форманың әдемілігі қарастырылады. Сонымен қатар, ол адамдардың күнделікті тұрмыста қажетті жұмыстарды жасау керекті құралдар мен жабдықтар түрінде де анықталады [3].

Сәндік-қолданбалы өнер адамдардың рухани байлығы, мәдени-танымдық нысандар болуымен қатар, көркем өнер ошақтарындағы мәдени еңбек дағдылары және түрлі материалдарды (жүн, киіз, маталар мен тері, түбіт, ағаш, металл, сүйектер және түрлі аңдардың мүйіздері, тістері мен тұяқтары т.б.) көркем өңдеу болып анықталды. Сәндік-қолданбалы өнердегі көркем қолөнер бұйымдарын жасаушы қолөнер шеберлері халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзіндік талғампаздықтың, көркемдік-танымдық қасиеттерінің оянуына тікелей әсер етіп отырды.

Сәндік-қолданбалы өнердің бай мұраларындағы сомдалған түрлі образдар, формалар мен декорларындағы әсем дүниелер халықтың мәдени эстетикалық идеалдарын жетілдіре түсіп қоймай, олардың танымдық ықпалдарын да раттыра түсті.

Түркі мәдениетіндегі қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің тарихын, оның даму ерекшеліктерін Ә. Марғұлан, А. Ақышев, Т.К. Басенов, С. Қасиманов, Х. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, Ә. Тәжімұратов, Ә. Жәнібеков, Қ. Амирғазин, Қ. Ералин, Ж. Балкенов, Е.С. Асылханов, Ұ. Әбдіғапбарова, К. Құдабаева т.б. ашып көрсетіп берді.


Қазақ халқының ерте заманнан мәңгілік өшпес мұрасы болып, ұрпақтан-ұрпаққа өзіндік тарихымен, даму ерекшеліктерімен бүкіл әлемге танымал болған өнері де сәндік-қолданбалы өнері болып табылады. Өйткені бұл өнер халқымыздың көшпелі өмір сүру салтымен астасып, кең дүниетанымдық көзқарастарымен ұштасып, келешек ұрпаққа тәрбиелік ықпалы зор көркем-мәдени құрал ретінде

дамып, жетіліп келді. Яғни, қазақтың қолөнері адам бойында эстетикалық талғам, сүйсініс, әсемдік пен сұлулықты туындатушы және оған ләззат пен рухани байлық, терең сезімдер сыйлаушы күшке айналды [4]. Қазіргі кезде сәндік-қолөнер бұйымдарын жасау, орындау технологиялары жақсарып, заман талаптарына қарай икемделіп отыр. Қазіргі шеберлер сәндік қолөнер бұйымдарын жасауда киіз, тері, тас, ағаш, темір, сүйек, т.б. қолөнер материалдарын пайдаланады. Бұл материалдарды көркемдеп өңдеуде, оған әсерлі бейнелер жасауда алуан түрлі техникалық және түрлі көркемдік тәсілдер қолданылып келеді. Қазақ сәндік қолөнер бұйымдары ежелден түркі мәдениетінде, сәндік-қолданбалы өнерінде маңызды орын алған.

Түркі мәдениетінде қазақ халқы қашан да табиғатпен үйлесімділікте, жарасымдылықта күн кешкендігі тарих кезеңдерінен баршаға белгілі. Көшпенді тыныс-тіршілікке бейімделген қазақ халқы бүкіл ғұмырын табиғатпен тығыз байланыста өткізуі де заңдылық деп білеміз. Сәндік-қолданбалы өнердегі әдемілік пен сұлулыққа ұмтылып, өздерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрлерінде қолданылатын көркем дүниелерді безендіріп, көрікті етіп пайдалануды жөн көрген. Сәндік-қолданбалы өнер ғасырлар бойы өмір сүріп келеді. Осындай дамуында кейбір салттар мен дәстүрлерде, халықтың дүниетанымында шамалы ғана өзгерістер болғандығы, сенім мен нанымның, таным мен дүниеге көзқарастың тұтас әрі тұрақтылығын айғақтайды. Сондықтан да түркі мәдениетіндегі қазақ қолөнері – қолданбалы-безендіру өнерінің дәстүрлі ұлттық саласы әрі рухани мәні мен мәдени құндылығын жоймаған көркемдік-танымдық мұрасы.

Қазақ жерінде тарихи кезеңдерде өмір сүрген түркі тайпалары тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақтар, еңбек құралдарын, сәндік қолөнер бұйымдарын жасауда, сонымен бірге жону, құйма, декорлау, өрнектеу сияқты сәндік-техникалық әдістерді жақсы меңгеріп, тіршілікте қолданылатын заттар мен бұйымдарды ою-өрнектермен әрлеп отырған. Ө.Жәнібеков аспан әлеміне байланысты ою-өрнектерді зерттеп, сақ дәуірінен келе жатқан дөңгелек, төрт құлақ, қосу, шимай ою-өрнектердің пайда болуына негіздеме беріп, әлемдік кеңістікті шеңберге, төрт құбыланы төрт құлақ оюына, тынымсыз қозғалысты шимаймен өрнектелетіндігін анықтап көрсетіп берді. Ала түсті шимай өрнегінде өмірді күн мен түннің тоқтаусыз алмасып отыруымен теңеп суреттегенін дәлелдеді [5, 13-б.]. Ө.Жәнібеков өз еңбегінде көнетүркі түсінігінше сәндік-қолданбалы өнерімізде көптеп

кездесетін ою-өрнектердің түркілік шығу тегімен салыстыра отырып ауқымды түсініктемелер береді. Қазақ ою-өрнегінің мақлұқаты, нәубетаты, ғарыштаты, тікесызықты, нышандық, танымдық т.б. сарындарының мазмұнын байыта түскендігін жазып көрсетеді (сурет-1).



Сурет-1. Көнетүркі белгілерінің қазақ ою-өрнегіндегі кескіні (Ө.Жәнібеков зерттеуі бойынша).

Қазақ сәндік-қолданбалы өнері түркі дүниесіндегі басқа халықтардың өнері мен мәдениетімен тығыз байланыста болғандығы анықталған, оған басты себептің бірі - Ұлы Жібек Жолы бойындағы мәдени қарым-қатынас. Яғни, сауда-саттықтың негізінде басқа халықтардың мәдениетімен, сәндік қолөнерімен танысу байланысты күшейтті. Е.С.Асылханов қазақтың сыңар мүйіз оюы ферғана қырғыздарында омыртқа, ирек, түйе тай тұяқ, мойын, өзбектерде төрқұлақ, юлдуз, мүйіз сияқты ою-өрнек элементтеріне бейнелік-танымдық жағынан өте ұқсас болып келетіндігін көрсетіп берді [6].

С.Қасиманов түркі мәдениетіне тиесілі қазақ сәндік-қолданбалы өнерінде қолөнер шеберлерінің жергілікті жерге байланысты танымдық-көркемдік дәстүрі болатындығын, сол дәстүр қолөнер

бұйымдарының өзіндік көркемдік ерекшелігін анықтауға көмектесетіндігін жазады. Көркем жасалған сәндік қолөнер туындысының орындалу, жасалу манеріне қарап, оны қай елдегі қандай дәстүрлі мектептің шебері жасағанын табуға болатындығын көрсетті. Осындай таным үлгісі қазақ сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының көркемдік ерекшелігін айқындау көрсеткішін анықтап берді [7].

Түркітанушы Л.Гумилев өз еңбегінде Селенга өзенінде табылған Тоныкөктің жазуларында түркі халықтарының шөп пен суды бойлап бір жерде тұрақтамай, көшпелі тіршілік құрғандығы, әскери істе әрқашан жаттығулар жүргізіп отырғандығы жазылғандығын көрсетеді [8, 332-б.]. Көне түркілердің дүниетанымының ерекшеліктерін олардың көшпенді өмір салты анықтаған. Көшпелілердің тіршілік аумағы Ұлы Даланы толық қамтыған және осы кең байтақ даланы олар жақсы игеріп отырған [9, 20-б.]. Көне түркілердің психологиялық типтері де осы тіршілік ету және кеңістікті сезіну ерекшеліктеріне байланысты пайда болған танымдық белгілері сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының мазмұнында да байқалып тұрды.

Түркі дүниесінің ғұлама ғалымы Жүсіп Баласағұн еңбектерінде адамның мінез-құлқы, танымы мен оның қоғамдағы орнына ерекше тоқталып отырған. Ол адам ылғида жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет дей келе, адамның бұл дүниеге қонақ екендігін, яғни әрдайым жаман қылықтардан сақтанып, адамлықпен өмір сүруі тиіс деген ой-пікірлерін айтады. Ж. Баласағұнның қағидасы жас ұрпаққа ізгі көзқарасы, жас ерекшеліктерін ескертіп отыру, еңбекке баулу, ұлттық мәдениетке, ана тіліне, туған жерге аялап қарау, әсіресе қолөнерге, ұсталыққа ерте баулу секілді мәселелерге қатты көңіл бөлу керектігін жазған. Сондықтан бұл қағида оның халықтық тәрбиесінің өзегін құрап, түркі жұртының тәлімдік, танымдық тәжірибесінің қалыптасуына мол ықпал жасады. Осыған сәйкес, түркілердің рухани-адамгершілікке бағытталған танымдық белгілері ұлттық сәндік-қолданбалы өнер туындыларында да көрініс беретіндігі заңды құбылыс болып табылады [10, 127-б.].

Ғалым Ұ. Әбдіғапбарова қазақ сәндік-қолданбалы өнерінде қолданылатын ұлттық ою-өрнек өнерінің атқаратын қызметіне, танымдық ерекшеліктеріне мынадай түсіндірмелер береді:

1. Адам ойын бейнелі түрде жеткізу: ұзатылған қыздың ою-өрнек арқылы өз жағдайын ата-анасына хабарлауы; құдағи жүзікке

бейнеленген ою-өрнектерден қыз анасының жігіт анасына деген ризашылығын білдіруі; білезікке түсірілген ою-өрнек арқылы жігіттің қыз басының бос немесе бос еместігін білуі; ұзатылған қыз жасауындағы өрнектерде әке-шешесі мен ағайын-туысқандарының қызына тілеген арман-тілектерінің берілуі т.б.;

2. Тұрмысқа қажетті заттар мен бұйымдарды әшекейлеу: тұрмыстық заттарын (сандықтар, жүкаяқтар, ыдыстар, асадалдар, ертұрмандар, дастарқан, қоржын-қалталар т.б.); киіз үй жасауларын (баулар, басқұрлар, киіздер, текеметтер, тұскиіздер, сырмақтар, кілемдер, алашалар т.б.); киім-кешектерін (тақиялар мен қалпақтар, сәукеле, етіктер мен мәсілер, көйлектер мен қамзолдар, шапандар, кимешектер т.б.); әйелдер әшекейлерін (сырғалар, жүзіктер, алқалар, белдіктер, білезіктер т.б.);

3. Архитектуралық құрылыстарды әсемдеу: мазарларды (Қозы Көрпеш - Баян сұлу, Айша бибі, Қарахан, Домбауыл т.б.); кесенелерді (Арыстан Баб, Ахмет Яссауи т.б.); үй құрылыстарын (Баб Ата, Тараз, Қасрибас, Сығанақ, Құлан қалашықтары т.б.); құлпытастарды (Қарағаш, Қамысбай т.б.); моншаларды (Отырар, Яссы, Тараз т.б.);

4. Тек жақсылықтың нышанын білдіру: тоқтық, молшылықты (мүйіз оюлар т.б.); тыныштықты (көгершін өрнегі т.б.); достық, сыйластықты (басқа ұлт өкілдерінің өрнегімен байланысы); еркіндікті (құсқанат, құстұмсық оюлары т.б.).

5. Халықтың наным, сенімдерін көрсету: көз, тілден сақтану (тұмар, найзаға үкі оюлары); қасиетті сандарды қадір тұту (жеті гүл, қырықмүйіз); киелі зат, бұйым құбылыстарды қастерлеу (бауырсақ, ботакөз оюлары т.б.);

6. Халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелеу: мал шаруашылығы (қошқар мүйіз, түйетабан т.б.); егін шаруашылығы (арпабас, бидайық т.б.); сауда-саттық (бұқар теру, кежім теру т.б.);

7. Ертедегі халықтың дүниетанымдық көзқарасын білдіру: дүниенің пайда болуы, жаратылысы жөніндегі ой-пікірлері (от, су, ауа, тау), оюдың төрт бітімді бұйымға салынуы (төртмүйіз, шаршы оюы т.б.); аспан әлеміне табынушылықты (космогониялық өрнектер); табиғат құбылыстарына сиынушылықты (аң, құс тектес, өсімдік тектес өрнектер т.б.) [11, 32-б.].

Сәндік-қолданбалы өнеріміздегі ою-өрнектерді геометриялық және бейнелеу элементтері жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек, нақыштар деп танымыз. Яғни, түркі дүниесіндегі қазақ ұлттық ою-өрнектері колөнер, тұрмыстық

бұйымдарды әсемдеп сәндеуде, халықтың қоршаған ортаға көзқарасын, тыныс-тіршілігін, олардан алған эмоционалды-эстетикалық әсерін, ой-арманын, тілектерін талғампаздықпен жеткізуге қолданылатын танымдық нақыштар екендігін анықтауға болады.

Түркі мәдениетіндегі ерекше орын алатын қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің сәндік, мазмұндық әрі танымдық элементтері - ұлттық ою-өрнектерінің қалыптасуына септігін тигізген жағдайларды былай көрсетуге болады:

1. Әлеуметтік-экономикалық жағдай.

2. Халықтың рухани өмірінің ықпалы. Оның ішкі топтары:

1) Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар: қолөнер кәсіпшілігі; мал шаруашылығы; егін шаруашылығы т.б.;

2) Табиғат: дала және тау табиғаты; табиғат жәндіктері мен аң – құстары; табиғат сыры т.б.

3) Халықтың рухани өмірі: халықтың ұлттық салт-дәстүрлері; халықтың наным-сенімдері т.б.

3. Табиғаттың ықпал ету жағдайы.

4. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мазмұндық ерекшеліктерінің топтары: мағыналық ерекшелігі; бояу түрлеріне қарай ерекшеліктері; құрылымдық жүйенің ерекшеліктері; өрнектеу әдістеріне байланысты ерекшеліктері [11, 47-б.].


Түркі мәдениетіндегі қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріндегі негізгі элементі - ою-өрнектерінің танымдық ерекшеліктері олардың атауларына да байланысты болып келеді. Қазақ ою-өрнектерінің формасы мен атауының көптеген халықтардың өрнектерімен ұқсастығы көп. Қ. Ералин қазақтың ою-өрнек атаулары туралы зерттеулерінде этнограф ғалымдардың көне Түркі аумағындағы қолданылатын өрнектер көптеген халықтарда аталуы, танымдық жағынан да бір-бірімен өте ұқсас деген қорытындыларын, мәселен, башқұрттың этнограф зерттеушісі Р.Г. Кузеевтің «қошқар мүйіз» өрнегінің атауы Оңтүстік Сибирь, Қазақстан мен Орта Азия халықтары үшін бірдей мағынаны білдіретіндігін алға тартады. Ол қазақша – «қошқар мүйіз», башқұртша – «кускар», қырғызша – «кочкар мүйіз», өзбекше – «кучарок» деп аталатындығын жазады. Осындай түркімен, қарақалпақ, азербайжан халықтарында ою-өрнектердің формасымен қатар атаулары ұқсас болып келеді. Әрбір тілі басқа топтар мен халықтың этикалық құрылым үдерісі, белгілі өрнектің шығуы мен мазмұнына, жаңа терминнің шығуына себеп болды [12].

Түркі дүниесіндегі қазақ даласында ұзақ та, күрделі дамудың нәтижесінде қоғамдық еңбектің түрлі салалары пайда болды. Халықтың сана-сезімі өскен сайын, халықтың сәндік қолөнері туындады. Халқымыз тұрмысын жақсартуды, киім-кешекті, үй жиһаздарын тиімді де сәнді, ұнасымды пайдалануды армандады. Соның нәтижесінде біздің бабаларымыз кейінгі ұрпақтар үшін көптеген өнер мұраларын қалдырды. Халық шеберлері байлыққа байлық қосып, молшылық жасаумен қатар, сол баршылықты байыпты етуге, тұрмысын сәндендіруге үлес қосты. Сәндік-қолданбалы өнердің әсем туындылары халықтың рухани-танымдық азығына, эстетикалық талғамын қанағаттандыратын, сұлу да әдемі, қолдануға ыңғайлы құнды заттарға айналды.

Қолөнер - адамзат игілігі үшін жасалынып, халықтың әлауқатының, мәдениетінің, тұрмыс салтының өсуіне бірден-бір септігін тигізетіні анық. Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже, сандық жасап, кілем, алаша, бау-басқұрлар тоқып, арқан-жіп есіп, көннен, теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әртүрлі ыдыс-аяқ, адалбақан, бесік және т.б. көптеген заттарды халық шеберлері өздері жасап, түрлі нақыштармен әшекейлей білген. Қазақтың сәндік қолөнерінде, тұрмысында киіз бұйымдарын жасау өнері саны мен сапа жағынан да жетекші орында болды. Киіз өзінің берекелі, салмағы жеңіл, әрі жұмсақ та жағымды, ауа өткізгіштік және жылу ұстайтын қасиеттері бойынша өте құнды материал болды, киіз үй жабдықтары мен бұйымдарын жасауда киізді басқа ешбір материал алмастыра алған жоқ. Киізбен киіз үй сүйегін сыртынан айналдыра керегесін жабатын туырлық, киіз үй күмбезін айналдыра жабатын үзіктер, күмбез ұшындағы шаңырақты жабатын түндік, ішке кірер ауыз есікті жабатын есік жапқыштың негізгі материалы малдың жүнінен жасалған киіз болды. Т.Х. Ғабитов зерттеуінде киіз үй - көшпелілердің дәстүрлі тұрақ-жайы әрі көшпенділікке мейлінше ыңғайластырылған әлем бітімінің үлгісі. Материалдық, рухани салт-дәстүрлердің біріккен үлгісі ретінде киіз үй символдардың, шындықтың және оны пайдаланып қолданудың бірлігін көрсетеді. Киіз үй - шығармашылық еңбектің нәтижесі, көшіп-қонуға қолайлы, ыңғайлы жай әрі кеңістік. Оның беріктігі, құрылысының сәулеттілігі мен нықтылығы, ағаш сүйегі мен туырлығы, үзігі, оның жасау-жиһаздарының сұлулығы, әсемдігі әрі үйлесімді бояуы, жабдықтары, киіз және басқұр сияқты

тоқыма бұйымдарындағы, ағаш, тері және басқа да тұрмыстық заттардағы кесте, ою-өрнектер киіз үйдің үлкен шығармашылық туынды екендігіне көз жеткізеді (сурет-2). Сонымен бірге, киіз үйдің кеңістігін де көне түркілердің дүниені қабылдаумен байланыстыруға болады. Жаратылыстағы жер мен көк, су мен от, жоғары мен төмен сияқты киіз үй кеңістігі жасанды әрі зор шеберлікпен жасалған табиғаттың бір бөлшегі сияқты көрініс береді. Космогониялық ою-өрнектердің көне түркі халықтарында, қазақтарда көп кездесуі көштелілердің көк күмбезді сексен сегіз шоқжұлдызды белгілеп беруімен-ақ негіздеуге де болады [13, 79-б.].

Халқымыздың көркемөнер шығармашылығы еліміздің рухани-тарихи әлемін, ұлттық бейнесін, өмір тіршілігін бейнелейді. Дана халқымыздың сәндік-қолданбалы өнерінің әрбір даму сатылары өзіндік ерекшеліктерімен айқындалған. Қазақ қолөнеріндегі әртүрлі түр-түс халықтың болмысын, өмірге деген көзқарасын, өршіл рухын, танымын айғақтайды [14, 10-б.].



Сурет-2. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің туындысы - киіз үй көріністері.

Түркілерде діни-нанымдары сияқты олардың қолөнері де тек өмір қажеттіліктерін атқаруға негізделініп жасалып отырған. Қолөнер бұйымдарында көрсетілген ою-өрнектер мен символдар халықтың салт-дәстүрін, наным-сенімін, дүниетанымын сипаттап отырған. Ою-өрнектердегі Ай, Күн, Шеңбер, Шимай, Жұлдыз т.б. оюлар – көне түркілердің танымындағы Тәңірі кеңістігіне қатысты сәндік қолөнер бұйымдарында бейнеленген көркемдік символ-белгілері. Түркі мәдениеті бойынша сәндік қолөнер бұйымдарында халықтардың танымындағы көктің белгісін құспен, жердің белгісін ағашпен

бейнелесе, судың белгісі ретінде балықты, тұрмыс тіршіліктерінде қолданатын бұйымдарда құс тұмсығының, жануарлар мүйіздері мен тұяқтарының, өсімдіктердің әртүрлі бейнелерін кеңінен қолданып отырғандығын айта аламыз. Бұл танымдық мазмұндағы сәндік бейнелер мен белгілер әсіресе тоқыма, киізден жасалатын алаша, сырмақ, текемет, тұскиіз, кілем, басқұр т.с.с. киіз үйдің сәндік қолөнер бұйымдарында көптеп кездеседі.

Сонымен, қазақ сәндік-қолданбалы өнеріндегі ұлттық қолөнердің қалыптасып дамуына әлеуметтік-экономикалық, табиғат, халықтың рухани өмірі ықпал жасағандығы анықталады, соның негізінде жасалған сәндік қолөнер бұйымдарының көркемдік-танымдық мазмұны сабақтастықпен келешек ұрпаққа беріліп отырды. Түркі дүниесіндегі қазақтардың мәдениеті Ұлы Дала жерінде ғасырлар бойы дамып, өркендеген көшпенділік дәстүрлердің тікелей мұрагері болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнердің дамуы туралы технологиялық құралдар мен бұйымдардың көрнекілігінің түр, түс, мазмұн, сәндік шешімдеріне қарай отырып, сәндік-қолданбалы өнердің өзіндік көркемдік-танымдық сипаты бар түріне айналғандығын байқаймыз және ежелгі көшпенділер дәуірінде тарихи кезеңдерде ерекше өркендеп дамығандығын анықтауға болады. Ал қазіргі кезеңде түркі мәдениетінде көркемдік-танымдық жағынан өзіндік орны бар қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің халықтық көркем дүниетаным құралы ретінде даму тенденциясының азаймайтындығына сенім мол деген қорытынды шығаруға болады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан. Астана. 12 сәуір, 2017.
2. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы Даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан. Астана, 21 қараша, 2018.
3. Советский энциклопедический словарь. / Под ред. А.М.Прохорова. М.: Сов. энциклопедия, 1986. – 1600 с.
4. Балкенов Ж. Өрнек өнері арқылы болашақ мұғалімдерді көркем шығармашылыққа даярлау (Монография). –Алматы. Ғылым. -2001. -372 б.
5. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. Көкейкесті тақырыпқа сұхбат. Алматы: Рауан.1995.- 112 б.
6. Асылханов Е.С. Изучение декоративно-прикладного искусства Казахстана в общеобразовательной школе и пед. институте республики. Автореф. дис.канд.пед. наук. М., 1985. 17 с.
7. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы, 1995. -87 б.
8. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М.: Товарищество, 1993.

9. Кульшарипова Н.М. Человек и пространство: специфика пространственно-временных представлений кочевников//ж-л Ядкяр,1995.
10. Пірәліев С.Ж., Керімов Л.К. Таным және студент. –Алматы: Санат, 2007. -208 б.
11. Әбдіғаппарова Ұ. Қазақтың ою-өрнектері. –А.: Өнер, 1999.
12. Ералин Қ., Байдәулетов Ж. Бейнелеу өнері терминдері. Түркістан. Тұран. 2010.– 104 б.
13. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы. –Алматы: Раритет, 2011. -280 б.
14. Қырықбаев С., Оразалиев С., Адамқұлов Н. Халықтық көркемөнер шығармашылығы. Оқу-әдістемелік құрал. –Астана: Фолиант, 2015.-208 б.

#### **REFERENCES**

1. Nazarbaev N.Á. «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyruǵ». Egemen Qazaqstan. Astana. 12 sáýir, 2017.
2. Nazarbaev N.Á. «Uly Dalanyń jetti qyru». Egemen Qazaqstan. Astana, 21 qarasha, 2018.
3. Sovetskii entsiklopedicheskiı slovar. / Pod red. A.M.Prohorova. M.: Sov. entsiklopedia, 1986. – 1600 s.
4. Balkenov J. Órnek óneri arqyly bolashaq muǵalimderdi kórkem shyǵarmashylyqqa daıarlaý (Monografiya). –Almaty. Ğylym. -2001. -372 b.
5. Jánibekov Ó. Jolaryyqta. Kókeıkesti taqyrypqa suhbat. Almaty: Raýan.1995.-112 b.
6. Asylhanov E.S. Izýchenie dekorativno-prikladnogo iskýsstva Kazahstana v obeobrazovatelnoi shkole i ped. institúte respýblikı. Avtoref. dis.kand.ped. naýk. M., 1985. 17 s.
7. Qasımanov S. Qazaq halqynyń qolóneri. - Almaty, 1995. -87 b.
8. Gýmılev L.N. Drevnie tíyrki. M.:Tovariestvo, 1993.
9. Kúlsharipova N.M. Chelovek i prostranstvo: spetsıfika prostranstvenno-vremennyh predstavlenıı kochevnikov//j-l Iadkır,1995.
10. Piráliev S.J., Kerimov L.K. Tanym jáne stýdent. –Almaty: Sanat, 2007. -208 b.
11. Ábdıǵapparova U. Qazaqtyń oıy-órnekteri. –А.: Óner, 1999.
12. Eralın Q., Baidáýletov J. Beıneleý óneri terminderi. Túrkiстан. Turan. 2010.– 104 b.
13. ǒabitov T.H. Qazaq filosofıyası. –Almaty: Raritet, 2011. -280 b.
14. Qyryqbaev S., Orazaliev S., Adamqulov N. Halıqıtyq kórkemóner shyǵarmashylyǵy. Oqý-ádistemelik qural. –Astana: Foliant, 2015.-208 b.

### **Özet**

Makale Kazak dekoratif ve uygulamalı sanatının Türk kültüründeki yerini inceler ve analiz eder. Türk dünyasının alimleri ve düşünürlerinin, halk el sanatlarında genç neslin eğitici, bilişsel önemi üzerine görüşleri ele alınacaktır. Kazak süsleme sanatının manevi özellikleri ayrıntılı bir şekilde tanımlanır ve bilişsel önemi belirlenir. Türk kültüründe dekoratif ve uygulamalı sanatların sanatsal bilişsel tezahürleri eğitim yönünden incelenir ve analiz edilir. Türk kültüründe Türk sanatlarının ve el sanatlarının manevi ve bilişsel içeriğinin özellikleri açıklanmıştır. Türk dünya görüşü olgusuna Kazak dekoratif ve uygulamalı sanatının yasalarına tarihsel-etnografik ve sanatsal açıklamalar getirilmiştir. Dekoratif ve uygulamalı sanatların bilişsel yönleri belirlenir ve aktarılır. Türk kültüründe Kazak sanatlarının ve el sanatlarının sanatsal-bilişsel karakterleri üzerine etno-pedagojik sonuçlar özetlenmiştir.

**Anahtar Kelimeler:** sanat ve zanaat, Türk kültürü, sanatsal bakış, el sanatları, süs eşyaları, bilişsel yönleri.

**(Auelbekov E.B., Burkitbaev T.S., Auelbekov T.E. Türk Kültüründe Kazak Sanat ve El Sanatının Bilişsel Yönleri)**

### **Резюме**

В статье раскрывается и анализируется место казахского декоративно-прикладного искусства в тюркской культуре. В частности, были рассмотрены исследования ученых, мыслителей тюркского мира о воспитательном, познавательном значении приобщения молодого поколения к декоративно-прикладному искусству. Дается характеристика особенности духовного содержания казахского декоративного искусства и определяются их познавательная значимость. Рассматриваются художественные познавательные проявления декоративно-прикладного искусства в тюркской культуре, анализируются их воспитательные взаимосвязи. Рассмотрены особенности духовно-познавательного содержания по экспонатам казахского декоративно-прикладного искусства в тюркской культуре. Ведется историко-этнографическое, искусствоведческое толкование закономерностей существования мировоззренческих признаков тюркского мира в казахских произведениях декоративно-прикладного искусства. Определены познавательные аспекты декоративно-прикладного искусства, на которые будут представлены серьезные аргументы. Даются этнопедагогические заключения художественно-познавательному характеру казахского декоративно-прикладного искусства в тюркской культуре.

**Ключевые слова:** декоративно-прикладное искусство, культура тюрков, художественное мировоззрение, ремесла, орнаменты, познавательные аспекты.

**(Ауелбеков Е.Б., Бүрkitбаев Т.С., Ауелбеков Н.Е. Познавательные аспекты казахского декоративно-прикладного искусства в культуре тюрков)**

**S. Nasirova**

Dr., Milli Azərbaycan Tarihi Müzesi, Etnografya Fondu, Bakü, Azərbaycan  
(e-mail: [s.nasirova30@mail.ru](mailto:s.nasirova30@mail.ru))

**Türk Halklarının Cicim Dokumalarına Dair**

**Özet**

Tarih boyunca Türk halklarında el sanatlarının bir çok dalı gelişmiştir. Coğrafi konum ve hammadde kaynaklarının zenginliği bu gelişim için olumlu zemin yaratmıştır. Bu sanat dallarından bazıları bugün aktüel olsa da bazıları artık yok olup gitmek ve unutulmak üzeredir. Bu tür sanat alanlarından biri de cicim dokumacılığıdır. Vaktiyle oldukça geniş bir alana yayılmış olsa da günümüzde bu sanatla Türkiye'nin birkaç köyü hariç meşgul olan yok. Cicim Türk halklarının ev hayatında mühim yer tutmuş ve çeşitli alanlarda kullanılmıştır. Makalede cicimin dokuma tekniği ve üzerine işlenen motifler araştırılmıştır. Bir dokumacılık dalı olarak yok olup gitmemesi, gelecek nesillerin cicim örneklerini sadece müzelerde görmemesi için onun ev hayatımızdaki konumu gösterilmiştir. Esas amaçlardan biri de cicimin vaktiyle Türk toplulukları arasında bu kadar yaygın iken sonradan kullanımdan kalkmasına dikkat çekmektir.

**Anahtar Kelimeler:** cicim, dokumacılık, ipek, motif, Türk halkları

**S. Nasirova**

Dr, National Museum of History of Azerbaijan, The Head of Ethnography Found, Baku,  
Azerbaijan (e-mail: [s.nasirova30@mail.ru](mailto:s.nasirova30@mail.ru) )

**About Djedjim Weaving of Turkish Peoples**

**Abstract**

Many types of artisanship have developed among the Turkish people. The comfortable geographical location and raw material base have created a favorable basis for this development. Although some of these art fields are up-to-date, some of them have already disappeared and are forgotten. One of the fields of art is "djedjim" weaving. Although it has spread to a very large area, it is not currently engaged in this art with the exception of several Turkish geographies. Djedjim occupied an important place in the life of the Turkic peoples and was used in various fields. This article deals about "djedjim" weaving and the motifs weaved on "djedjim"s. It will be paid attention not only to the disappearance of weaving materials, but also not to see them in the museums. One of the main goals is to pay attention to the disappearance of "djedjim" which was widely spread before.

**Key words:** djedjim, weaving, silk, pattern, Turkish people

### Giriş

Tarih boyunca Türk halkları çeşitli el sanatlarıyla iştigal etmiş ve birbirinden güzel sanat eserleri ortaya çıkartarak nesilden-nesle aktarmışlardır. Bu sanat örneklerinin birçoğu bugün dünya müzelerini süslemektedir. Türk halklarında en yaygın sanat dallarından biri de dokumacılık olmuştur. Dokumacılığın çeşitli dalları (havlı, havsız, kumaş vs.) ile uğraşan Türk halkları arasında havsız, kirkitli dokuma olan cicimcilik de yaygın olmuştur. Bilindiği gibi kirkitli dokumalar Türk halkları arasında oldukça geniş kullanım alanına sahip olmuştur. Çeşitli sebeplerden dolayı bu sanat zamanla kullanımdan kalkmıştır. Azerbaycan'da vaktiyle çok ünlü olan cicim mamulleri şimdi yalnız müzelerde sergileniyor.



Resim 1. Milli Azerbaycan Tarihi Müzesi Etnoqrafi Fondu env. 8666. Yorqan yüzü.  
Cicim dokunuşlu. XX yy.

### Türk Halklarında Cicim Dokumacılığı ve Ev Hayatındaki Yeri

XIX-XX yüzyıllarda kendi millî ve orijinal sanatsal özelliğiyle daha çok dikkati çeken amatör parça-cicim olmuştur. Dekoratif dokuma örneği olan cicimin ipekten hazırlanmış en güzel örnekleri söz konusu asırlarda halkımızın ev hayatında çeşitli amaçlarla kullanılmıştır. Cicimler yalnız ipekten değil, yünden de hazırlanırdı. Türkiye'nin ise birkaç köyü istisna olmakla, diğer arazilerinde artık cicim yapılmıyor. Cicim bir çeşit ham

ipekten yapılmış mamuldür. Çoğu zaman eski Türklerin ev hayatında önemli yer tutmuştur. Cicim dokumalı kumaşlardan döşek yüzü, yorgan yüzü, seccade, mütekke (silindir şeklinde bir çeşit yastık) yüzü gibi ev hayatında kullanılan ürünler hazırlanmıştır. Kumaşın çeşidinden asılı olarak daha kaba cicimlerden heybe, çul hazırlanmış veya yere serilmiş, daha ince olanlar ise yukarıda belirttiğimiz gibi çeşitli ev ürünleri kısmında kullanılmıştır. Belirtmek gerekir ki cicim bazen elbise yapımında da kullanılmıştır. Cicim dokumalı ipek mamullerden gömlek, şalvar, çuha, arkalık, kuşak, dolak vs. hazırlanırdı [1, s. 486]. Teke Yörüklerinde kilim ve cicim tekniği ile sofra ve iteği dokurlardı ki, iteği, hamur yoğrulurken hamur leğeni altına, yufka açarken de senit altına serilirdi [2, s. 353]. Büyük el emeği sonucu meydana gelen bu mamul zor yapım sürecinden geçmekteydi. Cicim dokunmasıyla esasen kümдар (cicim hazırlayan) kadınlar uğraşırdı. Şöyle ki, amatör kumaşların birçok çeşidini erkekler dokurlardı [3, s. 131]. İp eğirmek için cehre tezgâhı da kullanılırdı. Lakin el iyinde (bir çeşit alet) hazırlanmış ipler daha zarif olduğu için ona üstünlük verilirdi. Bu da cicimin çok zahmet gerektiren bir sanat olduğunu göstermektedir. Cicimler yüzü ve tersi farklı görünümlü, atkı ve çözümlü ipliği dışında süsleme yapmak için üçüncü bir iplik kullanılan dokumalardır [4, s.1]. “Hemiyan” adı verilmiş ve ikiyüzlü dokunuşa sahip olan cicimler daha çok takdir edilirdi. Cicimler genellikle uzun ve ensiz dokunurdu. Millî Azerbaycan Tarihi Müzesi’nde etnograf R. Efendiyev tarafından çizimi yapılmış resimlerde bu tezgâhı görmek mümkündür. Şu an bu çizimler müzenin etnografi kısmında saklanıyor. Aynı zamanda Azerbaycan’da cicim dokunmasından haber veren bir diğer etnograf ise Mariya Kuliyeva olmuştur. M. Kuliyeva cicim dokuyan kadınların resimlerini çizerek cicim tezgâhı ve dokunma işlemi hakkında bilgi vermiştir. O, yazılarında Azerbaycan’da cicim dokunmanın özellikleri, gündelik dokunan cicimler ve miktarı hakkında malumat vermiştir. Mesela, bir yorgan yüzü için 7,5 m. cicim dokumak gerektiğini belirtiyor.

Genelde 60 cm genişlikte olan birkaç cicim birbirine dikilerek kullanılırdı. Bu sebepten bazen bir kaç parça cicim dikilerek daha büyük cicim elde edilirdi. Azerbaycan arazisinde her dikim bir tahta sayılırdı. Tahta bir nevi ölçü birimi olmuştur. Bazen hatta dört cicim dikilerek bir ürün hazırlanırdı. Böyle olduğu zaman halk arasında cicimin 4 tahtadan dikildiği söylenirdi.

Söz konusu ürün Azerbaycan’da cecim, Türkiye’de cicim, cacım gibi isimlerle bilinir. Türkiye’de çalma adı ile bilinen cicim Azerbaycan’da bir tür cicim nevidir. Azerbaycan Millî Tarihi Müzesinde “üstü çalma”

isimli cicim çeşidi de bulunmaktadır. Bu cicim Yardımlı bölgesinde XIX. yüzyılın sonlarında dokunmuştur. Yatay dokuma tezgâhında yapılmış bu cicim dört parçanın birbirine dikilerek birleştirilmesiyle hazırlanmıştır. Cicim çalma adıyla daha çok Orta Anadolu bölgesinde yapılırdı. B. Deniz çalma ismini şöyle izah eder: *Cicim hazırlanan zaman arka oturan kişi deseni meydana getiren renkli ipleri desenin durumuna göre iki veya üç çözüğü üzerine sarıp öndeki dokucuya verir. Halk arasında bu işleme çalma veya çelme denir* [5, s. 60].



Resim 2. Milli Azerbaycan Tarihi Müzesi Etnoqrafi Fondu env. 5243. Üzeri çalma cicim.Yardımlı. XX yy.

### XIX. Yüzyılda Azerbaycan'da Cicim

Günümüz Azerbaycan'ında üretimi unutulmuş cicim sanatı vaktiyle Azerbaycan'ın çeşitli bölgelerinde üretilmiştir. Cecim dokuma Nahçıvan, Ordubad, Zakatala, Quba ve Şamahı bölgelerinde geniş alanlara yayılmıştır. Azerbaycan'ın tarihî topraklarından olan Karabağ'ın Şuşa şehrinin Lenberan köyünde daha çok “şeritli hemiyarı”, yine Şuşa'nın Ağcabedi ve Halveleddin köylerinde ise “obagezer” isimli cicimler dokunurdu [1, s. 488]. Tabii ki, her bir sanatın gelişimi için malzemenin bol olması önemlidir. Azerbaycan'ın birçok bölgesinde Orta Çağlardan beri ipek üretimi, özellikle ham ipek üretimi çok gelişmişti. Daha sonra bu bölgeler cicim dokumacılığı ile ünlenmişlerdir. Cicim ilk zamanlarda yalnız kendi

ihtiyacı için üretilse de, zamanla yerli kadınlar tarafından satılık cicimler de hazırlanmıştır. Halk arasında cicim dokuyanlara özel saygı duyulurdu ve onlar sanatkâr gibi ünlenirdi. Bunlardan bir kaçının ismi günümüze kadar ulaşmıştır. Şamahı'dan Nenehanım Şireli kızının, Zakatala'dan Asiye İsmail kızının, Göyçayın Zerdab köyünden Zerdabi Melikovanın, Şuşa'nın Halfeleddin köyünden Sultan Âli kızının, Gazah'dan Bahar Allahverdi kızının isimlerini özellikle belirtmek gerekir [3, s.131].



**Resim 3. Milli Azerbaycan Tarihi Müzesi Senedli Menbeler Fondu env. 500-69. Cicim dokuyan kadınlar. Resmi Mariya Kuliyeva çekmiştir.**

### **Millî Azerbaycan Tarihî Müzesi Koleksiyonunda Bulunan Cicimlerin Motif Özellikleri**

Millî Azerbaycan Tarihî Müzesinde birçok cicim örneği muhafaza edilmektedir ki, bunların birçoğu incelendiğinde cicimlerde esasen şeritli motiflerin kullanıldığını söylemek mümkündür. Hatta bu motiflerin palaz isimli havsız dokuma örneği ile pek çok benzer yönünün olduğu da görülmektedir. Bununla birlikte geometrik ve kuş figürleri de cicim motifleri gibi kullanılmıştır. XIX-XX. yüzyıllarda cicim tipli dokumalar arasında “alaca” adıyla tanınan kumaş örneği özellikle ünlü olmuştur. Sık dokumalı, kırmızı renk ağırlıklı, şeritli motiflere sahip olan bu kumaş pamuktan, yünden veya ipektan hazırlanırdı [3, s. 131]. Cicimlerin iplikleri genellikle siyah, sarı, kırmızı renklere boyanırdı. Halılardan farklı olarak cecimin erişi de boyanırdı. Çeşitli renkli ipler yan-yana dizildiğinde gökkuşağını hatırlattığı için halk arasında gökkuşağı görüldüğünde “Fatma ninem hana kurmuş” söyleşimi cicim dokumacılığına işaret eder [6, s.194].

Müzenin Senedli Menbeler Fondunda (Belgesel Kaynaklar Fondu) etnograf M. Kuliyeva cicimin motif özellikleri hakkında bahsederken

onların sıralı nakışlı, ceyrani nakışlı, sandık nakışlı olduğunu belirtiyor (MATM, env.500-69).

Millî Azerbaycan Tarihî Müzesi koleksiyonunda muhafaza edilen çok sayıda cicim incelendiği zaman onların üzerinde genelde aynı motifler görülse de, bazıları farklı motiflere sahiptir. Bunlardan biri üzerinde küçük ve ensiz kenar süslerin arasında büyük çiçek desenleri görülmektedir. Esasen su motifleri ile süslenmiş ve halk ağzı ile desek bazen hatta dört tahtadan (4 cicim parçasının birleştirilerek dikilmesi) ibaret olan bazı cicimler oldukça sadedir. Müze koleksiyonunda ipekten su motifleri ile dikilmiş ve “hayati” adlanan Nahcivan bölgesine has cicim muhafaza olunuyor. Bazen cicimlerde elibelinde ve koçbaşı gibi bilinen motifler de görülür. XX. asrın evvelerinde Karabağ’da dokunmuş bir cicim üzerinde ok başı motifleri, stilize olunmuş S motifi ve halılarda rastladığımız birçok motif görülüyor (MATM EF env.3315). Bu cicim daha çok motifi olması bakımından oldukça farklıdır. 8666 döküm numaralı cicim ise Azerbaycan’ın “Kuşlu” isimli halısına benzerliği ile dikkat çekmektedir. Onun üzerinde stilize kuş motifleri var. Konya Alaeddin camiinde Karapınar yöresi cicimlerini araştıran M.Yıldırım bazı cicimler üzerinde 19 motif tesbit etmiştir [7, s.525]. İki cicim parçasının dikilerek birleştirilmesi ile alınmış bu cicim üzerinde Millî Azerbaycan Tarihî Müzesinde muhafaza olunan bazı cicimlerdeki gibi elibelinde, meşale, pıtrak vb. motiflerle süslenmiştir. Cicimlerde halılarda olduğu gibi büyük motifler ve zor kompozisyonlar dokunmasa da, onların daha küçük ölçüde olanları sıkça görülebilmektedir.



**Resim 4. Milli Azerbaycan Tarihi Müzesi Etnoqrafi Fondu env. 7543. Cicim dokunuşlu heybe. Şamahı. XX yy.**

### **Sonuç**

Vaktiyle Türk halklarının ev hayatında oldukça yaygın olan cicim zamanımızda unutulmuş tarihe karışmaktadır. Esasen XX. asrın evvelerine kadar yaygın olan bu dokuma mamulleri XXI. asırda tamamen kullanımdan kalkmıştır. Genelde halı dokumacılığı öne çıksa da dokumanın bu alanı unutuluyor ve yeni nesil tarihimizin bu sayfası hakkında yalnız müze ve kitaplardan bilgi edinebiliyor. Bu yüzden ister akademik çalışmalarda, ister moda anlamında bu eski sanatın yeniden gündeme gelmesi için çalışmalıyız. Evlerin süslenmesinde ve ev hayatının başka alanlarında cicimin yeniden kullanılması, Türk halklarının eski bir sanatına daha sahip çıkarak yaşatması demektir. Günümüzde doğal olmayan çeşitli kimyasalların hayatımıza girdiği bir dönemde ipek iplikle dokunan doğal cicim ürünlerin kullanılabilir hale gelmesiyle, aynı zamanda eski ve artık unutulmuş üzere olan doğal yaşamdan bir parça da evlerimize girmiş olur.

### **Kaynaklar**

1. Mustafayev A. Şərbaflıq. Azərbaycan etnoqrafiyası. Bakı, Şərq-Qərb 2007.
2. Ak M. Teke yörekleri (1800-1900). Ankara, Türk Tarih Kurumu 2015.
3. Efendiye R. Azərbaycan xalq sənəti. Bakı, İşiq 1984.
4. Sökmen S, F. Ölmez. Bitlis yöresi cicim dokumaları. Trakya Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. Aralık 2016 Cilt 18 Sayı 2 (1-22).
5. Deniz B."Anadolu-Türk Dokuma Sanatında Cicim". Sanat Tarihi Dergisi 7 / 7 (July 1994). 59-73.
6. Abdulova G. Atalar sözləri və xalq məsəlləri etnoqrafik duyum-yozumkontekstində. Bakı, 2012.
7. Yıldırım M. Konya Alaedin camii'nde bulunan Karapınar yöresi cicim örnekleri. Türkiyyat Araştırmaları Dergisi. Sayı 29 (2011). 519-549.

### **Андатпа**

Түрік халқында қолөнердің көптеген түрлері дамыған. Халықтың ыңғайлы географиялық орналасуы мен шикізат базасы бұл дамуға қолайлы негіз жасады. Бірақ бұл өнер өрістерінің кейбірі бүгінде қолданыста болғанымен, кейбіреулері жоғалып, ұмытылып кетті. Қолөнердің бір саласы – тоқыма өнері. Кезінде бұл өнер түрі өте үлкен аумаққа таралғанымен, қазіргі уақытта Түркияның санаулы аймақтарында ғана айналысатын адамдар бар. Тоқыма заттар түркі халықтарының өмірінде маңызды орын алды және әртүрлі салаларда кеңінен пайдаланылды. Мақалада тоқыма өнерінің техникасы техникасы және онда бейнеленетін ою-өрнектердің мән-мағынасы туралы сөз болады. Автор тоқыма өнерінің түрік қауымдастықтары арасында кең таралғанына назар аударып, түрік халқының тарихи мұрасы ретінде бұдан былайғы уақытта да жалғасын тауып, оны болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыруды мақсат еткен.

**Кілт сөздер:** тоқыма, жібек, өрнек, түрік халқы  
**(Насирова С. Түрік халқының тоқыма өнері туралы)**

## **S. Nasirova. Türk Halklarının Cicim Dokumalarına Dair.**


---

### **Аннотация**

Множество предметов ремесленничества были разработаны турецким народом. Удобное географическое расположение и сырьевая база создали благоприятную основу для этого развития. Некоторые из этих областей искусства функционируют и сегодня, некоторые из них уже исчезли и несправедливо забыты. Одна из областей искусства - ткачество «джеджим». Хотя он был распространен на очень большой территории, в настоящее время он не занимается этим искусством, за исключением нескольких турецких регионов. Джеджим занимал важное место в жизни тюркских народов и использовался в различных областях. Данная статья посвящена ткачеству «джеджим» и мотивам, сотканным на джеджимах. Уделено внимание не только причинам исчезновения ткацких материалов, но и причину почему их невозможно увидеть в музеях. Одна из главных целей - обратить внимание на исчезновение «джеджима», которое широко распространялось раньше.

**Ключевые слова:** джеджим, ткачество, шелк, узор, турецкий народ  
(Насирова С. Ткацкое искусство турецкого народа)

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі  
Kazakçadaki Alıntı Kelimeler Sözlüğü  
Dictionary of Borrowed Words of the Kazakh Language  
Словарь заимствованных слов казахского языка



2019 жылдың қарашасында белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының редакторлығымен «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры тарапынан шығарылған «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» жарық көрді.

Сөздік авторлары: Шерубай Құрманбайұлы, Сабира Исақова, Бағлан Мизамхан, Гауһар Әлімбек, Гүлфар Мамырбекова және Дәурен Боранбаев.

Әлемде қандай тіл болсын жүз пайыз өз қалпын сақтап, өзгермей тұра алмайды. Көрші ұлыстар бір-бірімен

өзара байланыстар негізінде сөз алысып-берісіп отырған. Түрік халықтарының да сонау көне замандардан бері көршілес елдерден сөз алғаны белгілі. Атаулардың этимологиясын зерттеп жүрген зерттеушілер көне түрік тіліндегі кейбір сөздің санскрит, соғды, тохар, қытай, т.б. ежелгі халықтарға тән екендігін көрсетуде. Мысалы, An Etymological Dictionary of Pre-Thirteen-Century Turkish (Он үшінші ғасырға дейінгі түрік тілінің этимологиялық сөздігі) еңбегінің авторы сэр Джерард Клаусон Орхон ескерткіштеріндегі *түмен* «он мың» сөзінің көне заманда тохар тілінен (*тман\тмане*) кіргенін дәлелдейді [1, 507-б.]. Бұдан бөлек көне дәуірлердегі *қатын\хатун* сөзінің соғдыдан (*хуатын*) келгенін баяндайды [1, 602-б.]. Сол сияқты *жек көрді* тұрақты тіркесінде сақталған көне түрік тіліндегі *йек* «сайтан» сөзі санскрит тілінен алынғанын дәлелдейді [1, 910-б.].

Әрине, көне түріктер алып қана қоймай, көне мәдениеттерге біршама сөз бергені белгілі. Шумер тілін зерттеген неміс ғалымы Бенно Ландсбергер онда 200-дей сөздің шумерге тән еместігін айтады. Ол кірме сөздер солтүстіктегі көрші халықтардан алынғанын жазады.

Шетке шығарылған сол 200 сөзді зерттеген түрік ғалымы (Америкада өмір сүрген) Осман Недим Туна олардың прототүріктерден алынғанын дәлелдейді. Кірме деп көрсетілген сөздердің кейбірі мыналар: *тир* – жер; *гишиг* – есік; *шурым* – жарым, *шултае* – шолпан, *зибин* – шыбын; *дингир* – тәңір, *агар* – ауыр; *дур* – төр [2, 5-б.]. Бұл деректер 3000 жыл бұрын прототүріктердің өмір сүргендігінің және көрші халықтарға сөз бергендігінің дәлелі бола алады.

Шығыс Түркістандағы түріктер будда, манихей дінін қабылдағанда тибет, санскрит тілдерінен жаппай сөз ала бастады. Көне ұйғыр ескерткіштерінде буддизм дініне тән қолданыстардың көп екендігі жасырын емес.

Ислам дінін қабылдағаннан кейін араб және парсы халықтарынан жаппай сөз алына бастады. Қазір бұл тілдерден енген сөздер қазіргі қазақ тілі актив лексикасының 15%, пассив лексикасының 7%-ын құрайтыны дәлелденген. Орта ғасырларда кірген арабизмдер осы күнге дейін қолданыстан шыққан емес, тіпті қазақи сипат алған формалар едәуір көп. Ерте заманда кірген сөздер қазір түрік халықтарына «ортақ сөздер» қызметін атқаруда: *кітап, қалам, жауап, адам, қиял, сабын, мирас, шарт, сыр, табиғат, талап...* Егер осы әбден кірігіп кеткен сөздердің орнына жаңа төл атаулар ойлап тапсақ, түрік халықтарынан «ортақ лексика» жағынан ажырайтынымызды ұмытпаған абзал. Кезінде қаптаған арабизмнен құтылу керек деген Ататүрік Анадолы түріктері тіліне *жауап* дегеннің орнына *йаныт, табиғат* орнына *доға, өмір* орнынан *йашам, мағына* орнына *анлам, қалам* орнына *жазғыш* сияқты төл атауларды енгізуді бастаған еді, алайда түрік халықтарында олардың ортақ қолданылатынын біліп, өз бастамасынан бас тартыпты.

Шыңғыс хан ұлыстары құрылған кезеңдерден бастап *ұлыс, аймақ, нөкер, құда, шешек, маңдай* және тағы басқа көптеген моңғол тілі сөздерінің тілге кіргені белгілі. Бұлар тілге сол ерте дәуірде кіріп, әбден сіңісіп кеткен. Моңғол кірмелері қазіргі түрік тілдерінде бірдей қолданылып, түрік халықтарының ортақ сөздері қатарына жатқызылуда. Мысалы, *аймақ* немесе *шешек* сөзі түрік халықтарының барлығында қолданылады.

Орта ғасырларда патшалық Ресеймен саяси-экономикалық байланыстар негізінде сөз берумен бірге алғанымыз да болды. Патшалық Ресейге қосылған кезеңнен бастап орыс тілінен сөз алуымыз тіптен жиіледі. Бірақ бұл кезеңдерде кірген сөздер қазақ тілінің сингорманизм заңына сай өзгеріп, басқа жұрт танымастай дәрежеге

дейін жеткен еді. *Болыс* (волость), *ауылнай* (ауыльный), *кереует* (кровать), *самаурын* (самовар), *жәшік* (ящик), *зауыт* (завод), *үстел* (стол), *пәуеске* (повозка), *білте* (фитиль) т.б. формалар соның айғағы. Кеңес дәуірінде жазба тілінің қалыптасуы, кирилл әліпбиінің енгізілуі сияқты себептерден орыс лексикасы немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер өзгертілмей, сол күйінде алына бастады. Араб-парсыдан енген сөздер де солай, яғни жазба тілі дамығалы сол күйінде кіріге бастады.

Соңғы кездері ғылым мен техниканың дамуы, шетелдегі технологиялардың келуі, сыртта білім алушылардың көбейіп, сол қолданыстарын елге алып келуі, тағы басқа себептермен ағылшын тілінен тікелей енген сөздер де көбеюде. Мысал ретінде *IQ, IMAX, IP, IT, ISBN, QR (код), WI-FI, Feedback, Speech, OK* сияқты ұғымдарды айтсақ болады.

Қолымыздағы сөздіктің ерекшелігі – мұнда қазақ тіліне жоғарыда айтқандай, араб-парсы, моңғол, орыс және ағылшын тілдерінен әр дәуірде енген сөздер қамтылды.

**Араб және парсы лексикасына келсек**, бұл сөздікте пассив лексикадағы араб-парсы сөздері де талданған. Яғни қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылатын кірмелерге қарағанда, күнделікті өмірде қолданыла бермейтін бірліктер қаралады. Көбінесе діни дастандарда, ауыз әдебиеті мұраларында сақталған сөздер алынған. Сонымен қатар, тұрақты тіркестер құрамында сақталған мағынасы түсініксіз сөздердің этимологиясы көрсетіледі. Мысалы, сөздікте қазақ тілінде «көсем, көшбасшы, қасқыр немесе арыстан үйірінің бастаушысы, арлан» деген ауыспалы мағыналарда жұмсалатын әрі «Арыстаны көп, абаданы біреу» сияқты мақалда сақталған *абадан* сөзінің түп-негізі парсынікі екендігі айтылған [3, 13-б.]. Сол сияқты *Адыра қал* тұрақты тіркесіндегі *адыра* формасының араб тіліндегі «көз жанарынан айрылу» мағынасындағы *أضر* *аддара*-дан келгеніне болжам жасалған. Сондай-ақ, «ежелеп оқу» дегендегі *еже* тұлғасының араб тіліндегі *هجا* *еже* «буын» екендігі көрсетілген.

**Моңғол тілінен алынған сөздерге** келгенде де қызық мәліметтер бар. Бұнда да әдеби тілдегі түгел сөздер қамтылған жоқ, тек фразеологизмдер ішінде сақталған ескіліктердің мән-мағынасы ашылып көрсетілді. Мәселен, *құда-анда* қос сөзіндегі *анда*-ның моңғол тіліндегі «бауыр, туысқан, дос» мағынасындағы сөз екендігі айтылған. Сонымен қатар, *аузын арандай ашты, жымын білдірмеді, кезжесін*

кейін тартты және тағы басқа фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің моңғол тілінен кіргені дәлелденген.

**Орыс тілі арқылы кірген атаулар** сөздіктің ауқымды бөлігін алады. Себебі бұл кірмелер соңғы кезде тілімізге жаппай кіріп, олардың қолданыс аясы кеңейде. Енді сол кірме атауларды сөздікке кіргізіп, болмысын ашу – ғылымдағы кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Орыс тілі немесе орыс тілі арқылы басқа әлем тілдерінен енген атаулардың ішінен соңғы кездері кіріп жатқан әрі жиі қолданылатын сөздер барынша көп қамтылған. Мысалы, *кэшбэк* (ағыл. *cash back* – *cash* «қолма-қол ақша» + *back* «кері қайтару»); *барбер* (ағыл. *barber* – «сақал-мұрт және шаш алатын ерлер шаштаразы»); *кавер* (ағыл. *cover* – *to cover* – «жабу; ауыстыру»).

Орыс тілі арқылы кірген немесе орысша дыбысталатын атаулардың шығу тегі, яғни қай тілдерден таралғаны көрсетілді. Мәселен, *кепкі* (кепка) (орыс. *кепка* < фр. *képi* < швед., нем. *käppi* < лат. *cappa* – «баскиім түрі»); *киоск* (фр. *kiosque*, нем. *kiosk* < түрік. *köşk* «бау-бақшадағы там, шатырсыз кішкентай ғимарат, дүңгіршек). Екінші мысалдан көріп тұрғанымыздай, түрік тіліндегі *köşk* сөзі, алдымен неміс және француз тілдеріне одан кейін орыс сөздік қорына, ал орыс тілінен түрік тілдеріне кірген.

